



БҰЙРЫҚ

22.10.2018 № 1094

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

Салық төлеушінің (салық агентінің) және (немесе) үшінші тұлғаның кепілге қойылған мүлкін, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің билік етілуі шектелген мүлкін және (немесе) Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдары ұстаған тауарларды өткізу саласындағы уәкілетті заңды тұлғаны айқындау туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 1-бабы 1-тармағының 68) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 3-бабы 1-тармағының 56) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамы салық төлеушінің (салық агентінің) және (немесе) үшінші тұлғаның билік етілуі шектелген және (немесе) кепілге қойылған мүлкін өткізу саласындағы, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің билік етілуі шектелген мүлкін және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдары ұстаған тауарларды өткізу саласындағы уәкілетті заңды тұлға ретінде айқындалсын.

2. «Салық төлеушінің (салық агентінің) және (немесе) үшінші тұлғаның кепілге қойылған мүлкін, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің билік етілуі шектелген мүлкін және (немесе) мемлекеттік кірістер органдары ұстаған тауарларды өткізу саласындағы уәкілетті заңды тұлғаны айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 68 бұйрығының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Ә.С. Алтынбаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Жамаубаев